2012 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімінің 2011 жылғы 17 қарашадағы № 21 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 1-6-160 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33, 37 баптарына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген, « Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережеге» сәйкес, Астрахан ауданының әкімі Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. 2012 жылдың қаңтар–наурызында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Астрахан селосы, Алтынсарин көшесі, 63 үй мекен-жайында орналасқан «Ақмола облысы Астрахан ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесі шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қожахметке ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Астрахан ауданының әкімі *Р.Әкімов*

«КЕЛІСІЛДІ»

« А қ м о л а о б л ы с ы А с т р а х а н а у д а н ы н ы ң қ о р ғ а н ы с і с т е р і ж ө н і н д е г і б і р і к к е н б ө л і м і » м е м л е к е т т і к

мекемесінің бастығы *С.Кантемиров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК